

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТҮЗЕУ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРҒА
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Әдістемелік нұсқаулық

Алматы 2019

УДК 376
ББК 74.3
Е 51

Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесімен мақұлданды және ұсынылды (2019 жылдың 10 қазан айында, Хаттама №21).

Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім беру Департаменті қолдануға ұсынды (№767 6/11- 3/843 хат 31.07.2019ж.)..

Рецензенттер:

Коржова Г.М – педагогика ғылымының кандидаты, профессор, арнайы мектепке дейінгі білім беру лабораториясының меңгерушісі.

Новикова О.Н. – Алматы қ.№64 жалпы білім беру мектебінің инклюзивті білім беру бойынша әдіскер.

Құрастырушы-авторлар::

Елисева И.Г. – педагогика ғылымының кандидаты, доцент, арнайы білім беру лабораториясының меңгерушісі.

Ерсарина А.К.- ТПҰҒПО-ның мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту мен кешенді диагностикалау лабораториясының меңгерушісі.

Е51

Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдіс.нұсқаулық/ Елисева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ТП ҰҒПО, 2019. – 92 б.

ISBN 978-601-7131-92-0

Әдістемелік нұсқаулық жалпы білім беретін мектеп басшыларының, мұғалімдердің және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін мамандардың ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларды оқытуға арнайы жағдай жасау үшін қолдануға арналған.

УДК 376
ББК 74.3

© ННПЦ КП, 2019
© И.Г.Елисева, А.К. Ерсарина, 2019

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	5
1. Инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдары мен принциптері.....	7
2. Қазақстан Республикасының инклюзивті білім беруді қамтамасыз ететін нормативті-құқықтық құжаттар.....	10
3. Ерекше білім алу қажеттілігі.....	11
3.1 Ерекше білім алу қажеттілігін анықтау. Ерекше білім алуды қажет ететін балалар тобы.....	11
3.2 Ерекше білім алу қажеттілігінің сипаты.....	13
3.3 Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды бағалау.....	23
4. Мектепте ерекше білім алуды қажет ететін оқушыларға қолдау (көмек) көрсетуді ұйымдастыру.....	25
5. Ерекше білім алу қажеттілігі бар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мазмұнын анықтау (командалық тәсіл).....	29
5.1. ПМПҚ-ның қорытындысы негізінде ерекше білім алу қажеттілігін бағалау және мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бағыттарын анықтау бойынша жұмыс кезеңдері.....	29
5.2 Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мамандарының оқушыға көмек көрсетуі.....	33
5.3 Оқу бағдарламаларын қысқартуды орындауға, жеке оқу бағдарламаларын жасауға ұсыныстар.....	35
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	39
ҚОСЫМША-А. Ерекше білім алу қажеттілігін бағалауды жүргізу және оқушыға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетудің мазмұнын анықтау үшін мұғалім мен маманға арналған құжаттың үлгісі.....	42
ҚОСЫМША-Б. Оқытудағы қиындықтар түрлері (себептері).....	70
ҚОСЫМША-В. ЕБҚ бар оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламасының үлгісі.....	72
ҚОСЫМША-Г. ЕБҚ бар оқушылары үшін математика оқу пәні мысалында қысқартылған және жеке оқу бағдарламаларының үлгілері.....	85

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға жалпы білім беру мектебінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету

АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар (балалар) (ЕБҚ) - даму ерекшеліктеріне, мінез-құлық және эмоциялық проблемаларына, орталық факторларына (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени) байланысты тиісті деңгейде білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтары бар тұлғалар (балалар);

Ерекше білім беру қажеттілігі - оқу-дамыту барысындағы сапалы білім алуға тиісті көмекке және қызметке қажеттілік;

Білім алу үшін арнайы жағдайлар - ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге құралдарды, тыныс-тіршілігін, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;

Психологиялық-педагогикалық қолдау - педагогтар мен мамандардың жүйелі ұйымдастырылған қызметі, оның барысында баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады;

Арнайы кабинет - ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға мамандарының психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге арналған топтық және жеке сабақтарды жүргізуі үшін жабдықталған бөлме (сыныптық бөлме);

Қысқартылған оқу бағдарламасы - оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде құрылған оқу бағдарламасы;

Жеке оқу бағдарламасы - зияты зақымдалған оқушының жекелік мүмкіндіктері ескеріле отырып құрастырылған оқу бағдарламасы;

ҚР МЖМБС - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

ПМПК - психологиялық-медициналық-педагогикалық кенес;

ППҚ - психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі;

ЭБДУ - экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы;

БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы;

ТЖКБ - техникалық және кәсіби білім;

ППТК - психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті;

НТГС - назар тапшылығы және гипербелсенділік синдромы;

АСБ - аутистік спектрдің бұзылуы.

КІРІСПЕ

Көптеген дамыған елдерде жалпы адами құндылықтары мен әлеуметтік талаптарға сай білім беру жүйесінде барлық балалар тең және тосқауылсыз білім алулары қажет деген шешімге келген. Қазақстан Республикасының Заңнамаларында балаларды қорғау аясындағы халықаралық құжаттарға сәйкес мынандай ұғым енгізілген: **ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар (тұлғалар)** және барлық оқушылардың жекелік мүмкіндіктері ескеріле отырып сапалы білім алудағы тең құқығы.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес елімізде 2011 жылдан бастап инклюзивті білім беру кезеңімен енгізілуде. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары 1.1 тарауы «Қол жетімділік пен инклюзивті білім беру» төмендегі мақсаттарға жетуді болжайды:

- инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз етуді, жұмыс біліктілігі бойынша сұранысқа ие арнайы кабинеттерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын құруды, сондай-ақ педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды;

- ерекше білім беруге қажеттіліктері бар тұлғалар үшін білім берудің барлық деңгейлеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету, жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде қаржыландырудың жоғары нормативі қарастырылған, оларды оқыту үшін мемлекеттік тапсырыс ұлғайтылған.

Қойылған мақсаттар жалпы білім беруде ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету әдістемесімен қамтамасыз етудің қажеттілігін көрсетеді, оның негізгі және маңызды аспектілері осы әдістемелік нұсқаулықта ұсынылған.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдері оқушыларда оқуға қиындық туғызатын, соның салдарынан – ерекше білім беру қажеттіліктерінің пайда болу себептерінің үш тобын ұсынады:

- баланың психикалық және дене даму ерекшеліктері;
- мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары;
- өмірдің қолайсыз жағдайлары (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық және т.б. проблемалар).

Қазіргі уақытта Қазақстанда оқушылардың дамуындағы ауытқушылықтың салдарынан туындайтын ерекше білім беру қажеттіліктері тек арнайы мектептерде ғана толық көлемде қанағаттандырылады. Оларда психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысы мен

ұсыныстарын алған мектеп жасындағы балалардың жалпы санының 14,2% - ы білім алады. Осы санаттағы қалған балалар, сондай-ақ басқа себептерге байланысты оқуда қиындықтары бар мектеп оқушылары, ұйымдастыру-әдістемелік мәселелердің дайындалмағаны себебінен балаларға қажетті психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетпейтін жалпы білім беру мектептерінде оқиды.

Әдістемелік нұсқаулықтың мақсаты - ҚР жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерінің мәнін ашу.

Әдістемелік нұсқаулықтың міндеті:

- жалпы білім берудің инклюзивтік қағидасының негізгі мазмұнын ашу;

- ҚР жалпы білім беруде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың сапалы білім алуына жағдай жасауды заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ететін отандық нормативтік-құқықтық актілермен таныстыру;

- оқушылардың оқудағы қиындықтардың себептерін және соның салдарынан пайда болатын ерекше білім беру қажеттіліктерін сипаттау;

- оқушының ерекше білім алу қажеттілігін анықтау және бағалау алгоритмін сипаттау, оқу процесі барысында психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен тәсілдерін анықтау;

- ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған жеке және қысқартылған оқу бағдарламасын құруға ұсыныстар беру.

Әдістемелік нұсқаулықтар мектептердің басшыларына, мұғалімдеріне және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін мамандарына (психологтарға, логопедтерге, арнайы педагогтарға, әлеуметтік педагогтарға), сондай-ақ Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытуға мүдделі мектеп қауымдастығының барлық мүшелеріне арналған.

Әдістемелік нұсқаулық материалдары инклюзивті білім беруді дамыту бойынша мектептің ұйымдастыру-әдістемелік жұмысының алғашқы қадамдарын қамтамасыз ету мақсатында құрастырылған, алайда ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосу бойынша мектеп жұмысының барлық аспектілерін қарастырылмайды. Әрине, Қазақстанда инклюзивті білім беру тәжірибесінің дамуына қарай қосымша нормативтік-құқықтық, ұйымдастыру-әдістемелік және басқа да мәселелерді шешу қажеттілігі туындайды. Жалпы білім беру процесінің барлық қатысушыларына (әкімшіліктер, мұғалімдер, ата-аналар мен мамандардың) ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету әдістемелерін одан әрі жетілдіруге мүмкіндік берген белсенділіктері мен ұсыныстары үшін алғысымызды білдіреміз.

1 ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

"Инклюзивті білім беру" ұғымы білім беру адамның негізгі құқықтарының бірі болатын және де ол әділ қоғамның негізін құрайтын тұжырымнан қалыптасқан. Барлық оқушылар жеке қасиеттеріне немесе проблемаларына қарамастан білім алуға құқылы [2].

Әлемдік қоғамдастық барлық адамдардың нәсілдік, этникалық, жыныстық, дене, психикалық және басқа да айырмашылықтарына қарамайтын құқықтары теңдігі принципін басшылыққа ала отырып, БҰҰ-ның халықаралық құқықтық актілерінде инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдарын бекітті.

«Инклюзивті білім беру – барлық дискриминация формасына тосқауыл қоятын, оқушының білім алуындағы әртүрлі қажеттіліктері мен алуан түрлілігін есепке ала отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған, жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі» [2].

Әлемдік заманауи қоғамдастықта жаңа мәдени норма қалыптастыру-адам арасындағы айырмашылыққа сыйластықпен қарау және әр адамның даралану құқығын, сонымен бірге қоғам тарапынан оның қандай да бір өзгешелігін, білім алу ортасындағы ерекшеліктерін есепке алу және мойындау. Сондықтан да инклюзивті білім беру оқушының оқу процесі барысындағы әртүрлі қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін, алуан түрлі ерекшеліктерін мойындаудан басталады.

Жоғарыда талданған пікірлердің негізінде көптеген мемлекеттерде ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың қажеттіліктерін бағалаудың және оқыту барысында қолдауды ұйымдастырудың әлеуметтік-педагогикалық моделі қалыптасты. Ал, ол біздің еліміздегі білім беру жүйесінде осы күнге дейін сақталып келген медициналық және дефектологиялық модельден түбегейлі ерекшеленеді.

1-кесте. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсету және бағалау моделі

БЕҚ бар балаларға қолдау көрсетумен бағалаудың клиникалық-дефектологиялық моделі	БЕҚ бар балаларға қолдау көрсетумен бағалаудың әлеуметтік-білім беру моделі
«білім алуындағы қиындықтар мен проблемалар баланың бойында қалыптасқан және ол мына ұғымдарға негізделген: «мүгедек, қабілетсіз, ауытқушылығы бар» бағалау –медициналық, ал білім беру-түзету тұрғысына бағытталған [3].	«білім алуында ерекше қажеттілікке мұқтаж бала қиындыққа бейім сондықтан да белгілі бір тосқауылдарға тәуелді. Бағалау- адамның қажеттілігі, ал білім беру- білім алуға қолдау көрсету қоршаған ортаға бейімдеуге бағытталған [3].

Біздің білім беру жүйесінде білім беруді басқару органдарынан, ПМПК-дан бастап әрбір жалпы білім беру мектебіне дейін ең алдымен білім берудегі медициналық үлгіден (тәсілден) әлеуметтік үлгіге көшу қажет. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың сапалы білім алуға құқығын қамтамасыз етуді болжайтын әлеуметтік-білім беру моделін енгізу - жалпы білім беру жүйесіндегі өзгерістерді талап етеді. Бұл барлық оқушыларды дискриминациясыз және кемсітусіз білім алуда тең құқығы мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін икемді жүйе болуы керек.

Қазақстан халықаралық құқықтық актілермен қатар БҰҰ-ның "Мүгедектердің құқықтары туралы" (2016 жылы) және "Білім беру саласындағы дискриминацияға қарсы күрес туралы" (2017 жылы) конвенцияларын ратификациялай отырып, әрбір азаматтың қандай да бір кемсітушіліксіз сапалы білім алу құқығын қамтамасыз етудің саяси еркіндігін көрсетеді.

Конвенцияның негізгі ережелеріне сәйкес Қазақстан барлық деңгейде (мектепке дейінгі, мектеп, ТЖКБ ұйымдарында, жоғары оқу орындарында) инклюзивті білім беруді қамтамасыз етуге міндеттенеді. Бұл ретте инклюзивті білім беру жеке алынған нәрсе емес екенін түсіну маңызды, инклюзия бүкіл білім беру жүйесінің принципі болып табылады.

Мектеп оқу процесінде қандай да бір себептердің салдарынан оқу ба-рысында қиындықтарға тап болған балалар бар екендігін және олардың нәтижесі ретінде – қанағаттандырылуы қажет ерекше білім беру қажеттіліктер бар екенін қабылдауы тиіс.

Инклюзивті білім беру баланы емес, жүйенің өзгеруін болжайды

Ол барлық балалар әртүрлі екенін мойындайды, ал мектептер мен білім беру жүйесі барлық оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделуі тиіс. .. инклюзивтілік барлығын бірдей етуге ұмтылуды білдірмейді. Оның негізгі компоненті-ікемділік, балалардың түрлі жылдамдықпен оқитынын тану, ал мұғалімдерге оқыту процесінің икемділігін қолдау үшін арнайы дағдылар қажет.

Көп жағдайда балаларға жақсы, түсінікті, қолжетімді оқыту қажет. Бұл өз кезегінде баланың жеке қажеттіліктеріне, қабілеттері мен даму ерекшеліктеріне сәйкес келетін түрлі әдістерді пайдалануды көздейді. («Барлығы үшін мектептер. Арнайы білім алу қажеттілігі бар балаларды білім беруге қосу». «Спасите детей» қоры Лондон, 2002 ж)

Ерекше білім беру қажеттілігі - бұл әр оқушының оқуы табысты бо-луын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу үдерісіндегі көмек пен қызмет көрсету қажеттілігі.

Жалпы білім беруді дамыту инклюзивтілік принципті негізге ала отырып, білім берудегі құндылықты бағдарлардың өзгеруін болжайды. Инклюзивті білім берудің негізгі құндылықтары оқу үдерісінің барлық қатысушыларына төмендегілерді мәлімдейді:

- мүмкіндіктердің алуан түрлілігін кедергілер мен проблемалар емес, ресурстар ретінде қарастыру. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін қоғамдағы толерантты мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеудің ресурстары. Бір оқушының қиындықтарын жеңуге қатысты жұмыс, әдетте, басқа балаларға да пайда әкеледі;

- оқу үдерісін оқуда жоғары жетістіктері бар оқушыларға ғана емес, барлық сынып оқушыларына бағдарлап құру;

- ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды тек мамандармен (логoped, арнайы педагог, психолог, жеке көмекші) ғана емес, барлық білім беру процесіне қатысушылар тарапынан және де бірінші кезекте мұғалім тарапынан қолдауды қамтамасыз ету;

- оқу процесінде оқушыға көмек көрсету мәселелерін командалық тәсілмен шешу;

- оқушыларға қолдау көрсетуді ұйымдастыру кезінде "кемсітуден" бас тарту. Көмек "инклюзивті білім алушы", "ерекше", "дағдарысты", "инклюзияға жататын" балаларға емес, оқушылар қауымдастығының толық құқылы мүшесі болатын оқушыға көрсетіледі. Кемсіту дискриминацияның көрінісі болып табылады.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың табысты оқуы үшін мектеп олардың жеке ерекшеліктеріне қарай барлық қажетті оқу жағдайлары мен қызметтерін жасауы керек [4].

Сапалы білім алудың жағдайларына халықаралық қауымдастық төмендегілерді жатқызады:

- оқушылардың алауан түрлі мүмкіндіктерін қабылдай алатын мұғалім;

- білім алушының қажеттілігіне қарай білім мазмұнын бейімдеу;

- білім алушының түрлі мүмкіндіктеріне қарай оқу процесінің формасын ұйымдастыру, оқытудың көпнұсқаулығы мен амал-тәсілдерін қолдану;

- білім алушылардың жетістіктерін әртүрлі тәсілмен бағалау;

- мамандардың көмегі;

- жеке сабақтарды жүргізу үшін техникалық құралдармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

- ерекше білім беру қажеттіліктерін барлық деңгейде (орталық, аудан, мектеп) қамтамасыздандыру процесін басқару.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының қағидалары ретінде басқалармен бірге мыналар белгіленеді:

- барлығының сапалы білім алуындағы құқықтарының теңдігі;
- әр адамның интеллектуалдық дамуын, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тұрғындар үшін барлық деңгейдегі білімнің қолжетімділігі [5, 1-тарау, 3-бап].

ҚР білім беру аясындағы Заңнамасында бекітілген:

- баланың ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін есепке ала отырып ата-аналардың білім беру ұйымдарын таңдау және өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің көмегін алу құқығы; [5, 6-т, 49-б];

- баланың, оның ішінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланың өз тұрғылықты жеріндегі мектепте білім алу құқығы [5, 5-т, 26-б, 2-б]. Қызмет көрсететін ауданда тұратын балаға тиісті білім беру ұйымына қабылдануына тыйым салынбауы қажет [6];

- білім алудың жалпыға бірдей білім алу стандартының аясында білім беру ұйымының шешімі бойынша баланың жеке оқу жоспары немесе қысқартылған оқу бағдарламасы бойынша білім алу құқығы [5-т. 6-б. 47; 4];

- білім беру ұйымдарында ерекше білім алу қажеттілігі бар тұлғалардың (балалардың) білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасау бойынша жергілікті атқарушы билік органдарының жауапкершілігі [5, 2 тарау, 6 бап. п 21-5)].

Осы жауапкершілік шеңберінде елдің барлық аймақтарындағы жалпы білім беру мектептерінде психологиялық-педагогикалық (арнайы педагог, логопед, психолог, тәрбиеші) қолдау көрсететін мамандарға штаттық бірлік енгізіліп жатыр. Білім беру процесінде оқушыларға қолдау көрсету үшін қоғамдық қауымдастық пен жеке меншік қорлар көмегімен материалдық-техникалық жағдайлар құрылып жатыр.

Орта білім беру ұйымдар қызметінің типтік ережесі білім алуында ерекше қажеттілігі бар балаларды білім беру процесіне қосудың нұсқаларын қарастырады: жалпы немесе арнайы сынып (ауытқушылық түріне қарай). Оқушылардың жалпы сыныпта оқуы жалпы білім беру немесе жекелік оқу бағдарламасы бойынша ұйымдастырылады. Жалпы немесе арнайы сыныпта оқитын ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін арнайы педагогтармен (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, логопед) жекелік немесе топтық сабақтар өткізу қарастырылады [7, Қосымша. 2, п. 25].

Арнайы сыныпта оқыту (психофизикалық дамуында ауытқушылығы бар балалар үшін) ҚР білім және ғылым министрлігі бекіткен тиісті типтегі арнайы оқу жоспары мен бағдарламалар негізінде жүргізіледі [8; 9 -12].

Оқытудың нәтижесін бағалау критериалды бағалау негізінде жүзеге асырылады. Қысқартылған немесе жекеленген бағдарламаның мазмұнына бағдарлай отырып, яғни оқушының мүмкіндіктері ескеріле отырып, бағалау критерийлері өзгеруі мүмкін. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған немесе жекеленген тапсырмаларды қолдануға міндетті. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды және жеке оқу бағдарламасымен оқитын балаларды аттестациялау мәселесі оқушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес арқылы шешіледі [13].

Формативті бағалау кері байланысты және оқу материалдарын меңгерудегі жеке қиындықтарына жылдам әрекет етуді қамтамасыз етеді [13-15].

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылар мектепті тәмамдаған кезде мемлекеттік үлгідегі Аттестатқа ие болады [16].

3 ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

3.1 ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІН АНЫҚТАУ. ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАР ТОБЫ

Ерекше білім беру қажеттілігі (ЕБҚ) – бұл көптеген дамыған елдерде кеңінен таралған түсінік, өйткені инклюзивті білім берудің принципіне сәйкес әр оқушының жемісті білім алуы үшін барлық жағдайларды жасауға мектептің назарын аударады.

Қазақстанда ЕБҚ бар балаларға "денсаулықтарына байланысты арнайы жалпы білім берудің оқу бағдарламалары мен қосымша білім беру бағдарламаларын қажет ететін білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтарды бар тұлғалар" жатады [5].

ЭБҰД елдерінде «ерекше білімді қажет ету» термині психикалық және дене дамуындағы ерекшелік, мінез-құлық пен қабылдаудағы ауытқушылық, үйде және емханада ұзақ мерзімде ем алатын, эмоционалдық проблемалары бар, толық отбасы емес, жетім, зорлық-зомбылық көрген, әскери конфликт аумағында болған балаларға қолданылады. Бұл термин сонымен қатар дарынды балаларға қарасты, яғни бала бойындағы дарындылығын дамыту мен жеке қасиеттерін ашу үшін де кеңінен қолданылады. [17].

Инклюзивті білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде ерекше білім беру қажеттілігінің келесі анықтамасы қолданылады - бұл оқушылардың сапа-

лы білім алуы барысындағы психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және басқа да көмекке мұқтаждығы. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың төмендегідей топтары көрсетіледі:

1-топ. Психикалық және дене дамуында түрлі бұзылымдары бар балалар: көру, есту, сөйлеу бұзылымдары, зияты, тірек-қозғалыс аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалды-ерік-жігер аясы зақымдалған балалар.

2-топ. Оқытудағы ерекше қиындықтары, мінез-құлық және эмоциялық проблемалары бар балалар.

Зияты қалыпты балалардың ерекше қиындықтары жеке оқу дағдыларын меңгеруде байқалады: оқу, жазу және санау (дисграфия, дислексия, дискалькулия және т.б.). Бұл қиындықтар уақытша сипатқа ие және оны балаларға мамандардың тиісті көмегімен жоюға болады. Мінез-құлық және эмоционалдық проблемалар ерекше психологиялық факторлардан (отбасында тәрбиенің бұзылуы, ата-ана мен баланың және отбасы ішілік қатынастың бұзылуы), сонымен қатар дамуындағы ерекше проблемалардың болуынан (гипербелсенділік және толыққанды көңіл бөлмеуден, аутистикалық бұзылыстар спекторы және т.б.) құрдастарымен және мұғалімдерімен қарым-қатынас жасаудағы әртүрлі қиындықтардан (енжарлық, тұйықтық немесе жанжалдық, тіл алмаушылық, агрессивтілік) пайда болуы мүмкін.

3-топ. Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени ерекшеліктерінен туындайтын ерекше білім беруге қажеттілігі туындайтын балалар. Бұл топқа микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалған нашар отбасынан шыққан немесе бала тәрбиесіне көңіл аудармайтын отбасылардан, әлеуметтік қатерлі топтағы отбасы балалары (ішімдікке, нашақорлыққа жақын ата-аналар), сонымен бірге жергілікті әлеуметке бейімделуде қиындықтары бар (босқындар, мигранттар, оралмандар) немесе оқу тілін түсінбейтін және бұл тілде сөйлемейтін балалар кіргізіледі.

ЕБҚ бар балаларды мұндай топтарға бөлу мектепте білім алуында қиындығы бар бірде-бір оқушының назардан тыс қалуына жол бермейді.

ҚР инклюзивті білім беру принциптерін енгізіп отырған жалпы білім беру педагогтары үшін ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушы - психикалық және дене дамуы бұзылған (мүмкіндігі шектеулі) бала ғана емес, сонымен қатар оқытуда қиындықтарға тап болған кез келген бала екенін түсінулері маңызды.

Психикалық және дене даму бұзылыстары жоқ екінші және үшінші топтағы балалар көбінесе психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеске жүгінбейді және ол арқылы анықталмайды. Сәйкесінше, жалпы білім беретін мектеп балалардың бұл топтарын да өз назарынан қалдырмай және оны уақытында анықтап, оларға көмек көрсетуі тиіс.

Қазақстанда, бүкіл әлемдегідей, психикалық және дене дамуы бұзылған балалардың саны аз. ПМПК мәліметтері бойынша 2018 жылы олардың саны барлық балалар популяциясының 2,7% ғана құрайды.

Оқыту қиындықтары бар балалардың көпшілігі-психикалық және дене даму бұзылыстары жоқ.

3.2 ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІНІҢ СИПАТЫ

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес (бастауыш, негізгі орта және орта) оқуда қиындықтарға тап болған оқушылар үшін арнайы жағдайлар жасалады [18]. Қазіргі уақытта еліміздің білім алуында қиындықтары бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мен білім беру жүйесінде оқытудың арнайы жағдайын құру барысында келесідей құжаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

- 1) оқу жоспары мен оқу бағдарламасын өзгерту;
- 2) оқыту нәтижелерін бағалау әдістерін өзгерту (оқушылардың оқу үлгерімі);
- 3) оқытудың арнайы, вариативті және альтернативті әдістерін қолдану;
- 4) оқулықтарды, оқу әдістемелік құралдарын, жеке оқу материалдарын таңдау;
- 5) оқыту формасын таңдау;
- 6) тосқауылсыз орта құру және оқыту орнына бейімдеу;
- 7) компенсаторлық және техникалық құралдарға мұқтаждық;
- 8) арнайы психологиялық- педагогикалық көмек (психологтың, логопедтің, арнайы педагогтың (олигофренопедагогтың, сурдопедагогтың, тифлопедагогтың);
- 9) педагог-ассистенттің көмегі;
- 10) әлеуметтік – педагогикалық көмек.

Ерекше білім беру қажеттіліктердің әрқайсысының сипаты:

1. Оқу жоспары мен оқу бағдарламасын өзгерту. Оқу жоспары мен оқу бағдарламасы келесідей негізге сүйеніп өзгертіледі:

- мектеп Кеңесінің шешімімен;
- психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің ұсынысымен.

Егер білім алуында қиындықтары бар оқушыны мектеп өз бетінше анықтаса, онда психологиялық-педагогикалық қызметінің ұсыныстары негізінде мектеп Кеңесі шешімімен мұғалім бір немесе бірнеше оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын қысқарта алады. Мұндай шешімнің негізі ҚР "Білім туралы" Заңының 47 – бабы, 2-тармағы - "ұйым кеңесінің шешімімен жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бой-

ынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқыту" болып табылады.

Дегенімен, мектеп Кеңесінің шешімімен қысқартылған бағдарлама бойынша оқыту тек белгілі бір кезеңге (2-3 оқу тоқсанынан артық емес) қолданылатын уақытша шара болып табылатынын атап өткен жөн. Осы кезең ішінде мұғалім және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі қажетті көмек көрсетеді, оның түпкі мақсаты оқушыларды әдеттегі бағдарлама бойынша оқуға көшіру болып табылады. Егер белгіленген мерзім барысында балада оқу бағдарламасын одан әрі қысқартуды талап ететін оқытудың тұрақты қиындықтары сақталса, онда мұндай оқушыны ПМПК-ке тексеруге жіберу қажет. Балаларды жеке бағдарлама (ЖМБС бағдарланбай) бойынша оқыту ПМПК-тің ұсынысы негізінде ғана іске асады. Себебі, мұндай бағдарламамен оқытуға баланың ақыл-ойындағы ауытқушылықты анықтаған жағдайда ғана рұқсат беріледі. Ақыл-ойы кем балаларды жалпы сыныпқа қосу мен оқыту үшін ақыл-ойы кем балаларға арналған арнайы типтік бағдарламасы бойынша және баланың мүмкіндігі негізінде жеке оқу бағдарламасы құрастырылады.

Психикалық және дене дамуының бұзылымы бар баланы арнайы сыныпта оқыту үшін бұзылым түрі бойынша ҚР «Білім беру» Заңына [5, б. 19, 3т.], ПМПК-нің тұжырымдамасына, ата-анасының (заңды өкілдерінің) келісіміне сәйкес арнайы оқу жоспары мен бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

2. Оқытудың нәтижелерін бағалау әдістерін өзгерту (оқушылардың оқу үлгерімін). Оқушылардың оқу үлгерімін бағалау әдістерін төмендегі көрсетілген жағдайларда өзгерту қажет:

- оқушы арнайы, қысқартылған немесе жеке бағдарламамен оқытылған кезде;
- оқушыларды оқытуда альтернативті әдісті қолданғанда.

Мұндай ерекше білім беру қажеттілігін қанағаттандыру ПМПК ұсынысы негізінде жүзеге асырылады: «жеке амал және баланың оқу үлгерімін бағалаудың вариативтілігі». Егер оқушылар (ЕБҚ 2 және 3 топ балалары) үшін мектеп өз бетінше оқу бағдарламасын уақытша қысқарту туралы шешім қабылдаса, онда дәл сол мектеп Кеңесі баланың оқу үлгерімін бағалаудың нұсқауларын және жеке тәсілдерін ұсынады.

Ақыл-ойы бұзылған балаларды оқыту кезінде кез келген нәтиже оң болып саналады. Оқушының жетістіктерін бағалау акценті жеке бағдарлама шеңберінде қойылады.

Бағалау тәсілдері (рәсімдері) мен бақылау материалдарын өзгерту ықтималдылығы 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері мен бақылау материалдарын өзгерту.

Оқытудың нәтижесін бағалау әдістерін өзгерту	
1.	Мұғалімнің қайталау, баяу, қысқаша, ауызша нұсқаулығы (жазбаша нұсқаудың орнына)
2.	Тапсырманы орындау үшін қосымша уақыт беру
3.	Тапсырманы тек ауызша/жазбаша орындауға мүмкіндік беру
4.	Планшет, ноутбукты қолдану арқылы бақылау тапсырмаларын орындауға мүмкіндік беру
5.	Басқа
Бақылау материалдарын өзгерту	
1.	Нұсқаулықты қайта құрастыруға бейімдеу: тапсырманы орындау кезеңіне сәйкес бірнеше бөлімге бөлу
2.	Бақылау тапсырмаларының санын азайту
3.	Барлық сыныпқа арналған бақылау тапсырмаларынан өзгеше жеке бақылау тапсырмалары (жеке оқу мақсаттарына сәйкес)
4.	Бақылау тапсырмасын орындауын жеңілдететін иллюстративті және тірек материалдарды (кесте, сызба, үлгі, сөздік материалдар) қолдану
5.	Басқа

3) *Оқытудың арнайы және альтернативті әдістерін қолдану.* Бұл білім беру қажеттілігін анықтау, ең алдымен, мұғалімнің және мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарымен жүзеге асырылады, алайда баланы арнайы немесе баламалы әдістерді қолдану арқылы оқыту қажеттілігін ПМПК ұсынуы мүмкін.

Мұғалім арнайы және баламалы әдістерді ұштастыра отырып, барлық сынып үшін оқытудың қарапайым әдістерін қолдану арқылы ЕБҚ бар балаларды оқытуды жүзеге асырады. Оқыту формасы немесе жай тәсілдерді қолдану оқушының жеке ерекшеліктеріне бейімделіп алынады. Көбінесе мұғалім бүкіл сыныпқа қолданатын тапсырмаларды және де оны балаға беру тәсілдерін бейімдеу талап етіледі.

3-кесте. Оқу тапсырмаларын бейімдеу және оларды оқушыға ұсыну тәсілдері.

	Оқу тапсырмаларын бейімдеу және оларды оқушыға ұсыну тәсілдерінің нұсқаулары
1	Уақыт аралығында тапсырмалар саны азаяды.
2	Оқу тапсырмалары қысқартылады

3	Оқу, жазу үшін мәтін қысқартылады
4.	Басқа оқушылар орындайтын тапсырмалардан ерекшеленетін жеке тапсырмалар ұсынылады.
5	Тапсырманы орындау үшін қысқартылған және кезеңі көрсетілген нұсқаулықтар ұсынылады
6	Жаттығуды қайталау және меңгергенді бекіту үшін көп уақыт бөлінеді
7	Ауызша түсіндіру ыммен, суретпен, картинкамен, заттармен жүргізіледі
8	Сабақта көбінесе оқушының әрекет түрі ауысады
9	Жаттауға берілетін ақпарат саны азаяды
10	Жазу барысында оқушыға дауыстап жазуға рұқсат беріледі
11	Сабақта меңгерілетін жаңа сабақтың мәнін ашу үшін оқушыға заттық-тәжірибелік қызмет ұсынылады

Психикалық және дене дамуы бұзылған балаларды оқыту кезінде оқытудың арнайы әдістерін қолдану қажеттілігі жиі туындайды. Арнайы оқыту әдістері арнайы педагогикамен әзірленген және әртүрлі санаттағы балаларға арналған арнайы мектептерде қолданылады: есту, көру, ақыл-ойы кем, тірек-қимыл аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген, сөйлеу қабілеті бұзылған.

Жалпы сынып жағдайында мынандай арнайы әдістер қолдануға болады: «кіші қадамдар»; заттық қызмет пен көрнекі құралдарға; «сөйлеу тілін жандандыру»; заттық және ақыл-ой әрекетіне «алдыға қарай жылжу», меңгергенді үзбей қайталау; меңгерілген ұғымды салыстыру және қарама-қайшы қою амалдарын қолдану және т.б. бұл әдістер сыныптың басқа оқушыларына да оқу материалдарын жемісті меңгеруге септігін тигізеді. Оқытудағы баламалы (альтернативті) әдістер жеке психикалық қызметтердің (қабылдау, есте сақтау, зейін, праксис) бұзылыстарына негізделген оқытуда ерекше қиындықтары бар балаларға жиі қолданылады. Оқытудың баламалы әдістеріне мына әдістер кіріктіріледі: глобалды оқыту, «Нумикон» әдісі арқылы санауға үйрету, Монтессори жүйесі және басқа да жаңа психологиялық-педагогикалық әдістер. Оқытудың баламалы әдістерін бірінші кезекте жеке-дамыту жұмысын жүргізетін мамандар білуі және пайдалануы тиіс: психологтар, логопедтер, арнайы педагогтар.

4. Оқулықтар, оқу әдістемелік құралдарын таңдау, жеке оқу материалдарын даярлау. Мұғалім және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің мамандары оқушының көмекке деген қажеттіліктерін командалық талқылау нәтижесінде арнайы оқулықтар мен құралдарды, жеке оқу-дидактикалық материалдарды пайдалану қажеттілігі туралы шешімді қабылдайды. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыға бейімделіп өзгертілген оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын ескере отырып арнайы оқулықтар мен оқу құралдары іріктеледі.

Қысқартылған бағдарламалар бойынша қарапайым сыныпта оқитын ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылар бүкіл сыныпқа арналған оқулықтарды пайдаланады.

Арнайы оқулықтарды, жұмыс дәптерлерін және басқа да оқу материалдарын жалпы сыныпта оқитын белгілі бір бұзылымдары бар балаларға қолдану қажет:

- көру (ірілендірілген шрифті бар кітаптар; зағип адамдарға арналған, Брайль шрифтімен басылған оқу құралдары; бедерлі суреттер, схемалар, арнайы муляждар);
- тірек-қимыл аппараты (ірілендірілген шрифтпен жазылған және т.б.);
- есту (символдарды, ымдық сөйлеуді) қолданытын оқу құралдары; титрі бар бейнематериалдар; компьютерлік оқу бағдарламалары және т. б.);
- зиятының бұзылуы (ОӘК-нің түпнұсқасы).

Арнайы сынып оқушылары кәдімгі және/немесе арнайы оқу-әдістемелік кешендерді (ОӘК) пайдалана отырып оқиды, олар тиісті түрдегі арнайы мектептер үшін шығарылған.

Арнайы оқулықтар мен оқу құралдарын мектеп (белгіленген тәртіппен) сатып алу және мектептің кітапхана қорында болуы тиіс.
ҚР-да шығарылған арнайы оқулықтар тізімі ТП ҰҒПО сайтында ұсынылған <http://www.special-edu.kz/>

Инклюзивті білім беру тәжірибесінде оқушының жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, мұғалім арнайы даярлаған жеке оқу-дидактикалық материалдарын кеңінен қолданылады. Мысалы, есту-сөйлеу аппаратын өңдеу қиындықтары бар бала үшін (сөйлеуді түсіну) әртүрлі көрнекіліктерді кеңінен қолдана отырып, жеке дидактикалық материал дайындау қажет: оқу материалын түсінуді жеңілдететін және оқушыны сабаққа қосуға мүмкіндік беретін суреттер, схемалар, алгоритмдер.

5. Оқытудың формасын таңдау. Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың оқуын төмендегідей ұйымдастыруға болады:

- жалпы сыныпта (2 оқушыдан артық емес, сонымен қатар ЕБҚ бар әр оқушыға сыныптағы оқушылар саны 3-ке азайтылуы тиіс);
- жалпы білім беретін мектептің арнайы сыныбында (10-12 оқушы);
- жалпы білім беретін мектептің психологиялық-педагогикалық қолдаудың арнайы кабинетінде (жеке немесе кіші топта) [1].

Мектепте арнайы сыныптар тек даму бұзылымдарының нақты бір тобы жинақталғанда ғана ашылады. Оқушыны қабылдау ПМПК қорытындысы мен ұсыныстары негізінде және ата-аналардың, қамқоршылардың келісімімен жүзеге асырылады.

Арнайы сыныптарда оқыту – бұл жалпы сыныпта жүзеге асыруға мүмкіндік болмаған жағдайда арнайы оқыту шарттарын жасау қажеттілігі туындаған да ғана іске асады. Оған төмендегі шарттар жатады:

- сыныптың аз толымдылығы, педагогикалық күн тәртіп;
- оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеретін және оқу қиындықтарының себептерін жеңуге бағытталған арнайы оқу пәндерін қамтитын арнайы оқу жоспары мен арнайы бағдарламалар бойынша оқыту;

- арнайы дайындығы бар мұғалім;

- арнайы жабдықтардың (есту қабілеті бұзылған балаларға арналған топтық дыбыс күшейткіш аппаратураның; зағип балаларға арналған арнайы жабдықтардың, ақыл-ойы кем балаларға арналған пәндік дамытушы органың және т. б.), оқу-әдістемелік қамтамасының болуы;

- мамандардың қолдау көрсету бойынша міндетті және топтық сабақтары (арнайы Типтік оқу жоспарына сәйкес).

Мектептің инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын шарттарының бірі – бұл психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету кабинеті. Кабинеттің, ЕБҚ бар балалармен жекелік және топтық жұмыс жүргізуге лайықты типтік мектебінікіндей сынып алаңы, сабаққа арналған жиһаздары (оқу үстелдері, орындықтар, тақта және т. б.) болуы тиіс, сонымен қатар жеке және топтық сабақтар жүргізу үшін дамытушы жабдықтары болуы керек: жұмсақ пуфтар, кілем жабыны, швед қабырғасы, әткеншек, ойыншықтар, доптар, дидактикалық және иллюстрациялық материалдар, құралдар, жазулар мен оқулықтар.

ЕБҚ бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету кабинетінде жүргізіледі:

- сабақ кестесі бойынша мамандардың сабақтан тыс жеке, қосымша сабақтары: психологтың, логопедтің, арнайы педагогтың;

- әр түрлі себептермен сыныпта оқу материалын меңгере алмайтын ЕБҚ бар балаларға арналған жеке оқу пәндері бойынша сабақтар. Сабақты ПОҚ қызметінің мамандары жүргізеді, олар баланы оқыту үшін арнайы немесе баламалы әдістер мен тәсілдерді, арнайы оқулықтар мен құралдарды және жеке дидактикалық материалдарды пайдаланады.

Психологиялық - педагогикалық қолдау кабинетінде жеке және топшалық сабақтар төмендегі көрсетілген оқушыларға тән:

- сабақ барысында басқа балаларға және мұғалімге кедергі келтіретін, шыдамсыздық танытатын (тіпті көмекшінің қолдау көрсетуімен) мінез-құлқында проблемасы бар оқушылар. Мамандардың міндеті және осындай сабақтардың табыстылығының көрсеткіші баланы сыныптың оқу жұмысына қосу, жалпы сыныпта тұрақты негізде оқыту болып табылады;

- бағдарламаны меңгеруде үлкен кемшіліктері (артта қалуы) және оқытудың айқын қиыншылықтары байқалған кезде жеке бағдарлама бойынша оқыту және/немесе оқытудың баламалы және арнайы әдістерін пайдалануды талап ететін оқушылар. Оқушы негізгі жалпы білім беру пәндерін (ана тілі, әдебиеттік оқу, математика) арнайы кабинетте жеке және топтық сабақ

түрінде өтеді. Жеке оқу бағдарламасымен оқытуды арнайы педагог арнайы оқытудың әдістері мен арнайы оқулықтарды қолдану арқылы жүргізеді.

Зияты зақымдалған оқушыларға ПОҚ жағдайында негізгі оқу пәндерін оқыту оқытудың барлық кезеңіне берілуі мүмкін. ПОҚ жағдайында оқытудың қажеттілігі мен ұзақтығы туралы шешімді ПМПК ұсынысы немесе мектептің шешімі бойынша қабылдайды.

6. Тосқауылсыз орта құру және оқыту орнына бейімдеу. Кедергісіз орта деп төмендегідей даму бұзылымдары бар балалардың мектепке бару қолжетімділігін қамтамасыз етілуі:

-тірек-қимыл аппараты: мектепке жеткізу, пандустар, сүйеніштер, көтергіштер, лифт, арнайы жабдықталған оқу орны (үстел, орындықтар), жалпы пайдалану орындары (дәретхана, асхана және т. б.);

- көру қабілеті: тактильді жолдар, тактильді көрсеткіштер, таяныштар және т. б.

Оқу орнының бейімделуі баланың жеке ерекшеліктеріне қарай оқыту ортасын бейімдеуді көздейді. Оларға жатады:

- дене даму ерекшеліктері: есту қабілеті төмен, көру қабілеті төмен немесе бойы кішкентай баланың бірінші партада отыруы; нашар көретін балаға үстел шамын қою, партаның және т. б. биіктігін реттеу;

- мінез-құлық ерекшеліктері: гипербелсенді бала мұғалімнің жеке қолдауы мен бақылауын талап еткендіктен бірінші партаға отырғызу. Бала үшін жұмыс орнын бейімдеудің басқа да ықтимал нұсқалары:

- соңғы партада отыруы;

- өзі немесе беделді оқушымен отыруы;

- терезеден алыс (алаңдамау үшін) отыруы;

- арнайы орындықта отыру немесе биік үстелдің жанында тұру (зейін шоғырлануын жақсарту үшін) және т. б.

7. Компенсаторлық және техникалық құралдарға мұқтаждық. Оқу үрдісінде тірек-қимыл аппараты, есту, көру, сөйлеу қабілеті бұзылған балалар ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бекіткен компенсаторлық, техникалық және көмекші құралдар тізбесіне сәйкес белгіленген тәртіпте алынған жеке техникалық және компенсаторлық құралдарды пайдаланады [19].

Жалпы білім беретін мектептер ЕБҚ бар балаларды оқыту және қолдау үшін мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сонымен қатар арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жабдықтандыру нормаларына сәйкес әртүрлі компенсаторлық, техникалық құралдарын, дамытушы жабдықтарын алады және пайдаланады [20].

8. Арнайы педагогикалық (логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог) және психологиялық көмек. Психикалық және дене дамуы бұзылған балаларға мамандардың қызметтерін ұсыну ПМПК ұсынысы

негізінде жүзеге асырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі баланы тексеру (зерделеу) нәтижелері негізінде психологиялық-педагогикалық көмектің қарқындылығын (аптасына 1 - ден 3 сабаққа дейін) және сабақтардың ұзақтығын (тоқсан-жыл) анықтайды. Мамандардың жүргізетін сабақ жиілігін анықтау оқу қиындықтарының айқындылығына байланысты.

Ұзақ жекелік-дамыту жұмысы барысында психофизикалық бұзылуларын толық жеңу мүмкін емес оқушылар категориясы (ақыл-ойдың, есту мен сөйлеудің бұзылуы) бар екенін атап өткен жөн. Мамандар бірінші кезекте танымдық іс-әрекеттің (ойлау, есте сақтау және т.б.) бұзылуын толық түзету мақсатында емес, баланың білім беру үдерісіне өз (типтік, қысқартылған немесе жеке) бағдарламасы шеңберінде табысты қосу мақсатында қызметтерін көрсетеді. Әрі қарай орта немесе жоғарғы буында зиятында немесе сөйлеу тілінде бұзылымы бар оқушы өз бағдарламасының көлемінде оқу материалын меңгерсе, онда бір жолғы кеңес беру қызметін ала алады немесе мамандардың қызметтерін алмауы да мүмкін.

Мектептің қолдау көрсету қызметінің шешімі негізінде психолог пен логопедтің көмегі екінші және үшінші топтағы балаларға көрсетілуі мүмкін. Бұған ПМПК тексеруін қажет етпейтін эмоционалдық және мінез-құлық проблемалары бар және ауызша/ жазбаша сөйлеу бұзылыстары бар балалар жатады.

Мектептің қолдау қызметі логопедиялық сабақтарға 3 деңгейдегі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды, оның ішінде фонетика-фонематикалық бұзылыстары, жазбаша жазуындағы бұзылыстары (дисграфия, дислексия) бар балаларды жібереді. Ауызша немесе жазбаша сөйлеудің кемшіліктері табысты оқуға кедергі келтіріп, оқу бағдарламасын меңгерудегі қиындықтардың туындауына себепкер болады. Демек, логопедтің сабақтарына жіберудің негізгі көрсеткіші болып табылады. Бағдарламаны меңгеруге әсер етпейтін (бала оқуда табысты) жекелеген жеңіл сөйлеу кемшіліктері бар (мысалы, дыбыстың дұрыс айтылмауы) балалар кеңестік негізде мектеп логопедіне жіберіледі.

Ата-аналарға кеңес беру немесе мұғалімдерге бір реттілік немесе жиі (аптасына, айын, тоқсанға бір рет) көмек көрсетілуі мүмкін. Оның қажеттілігі мен ұзақтылығын логопедтің өзі шешеді.

Психологтың көмегі сыныпта оқуға кедергі жасайтын эмоционалдық, мінез-құлық және коммуникативтік проблемалары бар балаларға көрсетіледі. Сабақтың жиілігі мен ұзақтығын психолог өз бетінше белгілейді. Психологпен сабақтарды тоқтатудың негізі – бұл баланың жеке эмоционалдық және мінез-құлықтық ерекшеліктері сақталған жағдайда да сыныпта табысты бейімделуі мен білім алуы болып табылады. Сыныпқа бейімделуі мен оқу бағдарламасын жемісті меңгеруге кедергі келтірмейтін эмоционалдық және мінез-құлықтық ерекшеліктері бар балаларға кеңестік көмек көрсетіледі.

Ата-аналарға кеңес беру немесе мұғалімдерге бір реттілік немесе жиі (аптасына, айына, тоқсанға бір рет) көмек көрсетілуі мүмкін.

9) Педагог-ассистенттің көмегі. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар кейбір балаларға табысты оқуы үшін жеке көмекшінің көмегі қажет болады. Жеке көмекшінің қызметіне екі функция кіреді:

а) балаларға физикалық көмек көрсету мақсатында қолдау көрсетуші тұлғаның функциясы;

б) сыныптағы оқу жұмысына көмек көрсету мақсатында педагог-ассистенттің функциясы.

